



ProInCa News

Promoting the Innovation Capacity of Higher Education in Nursing During Health Services Transition

ProInCa News төртінші шығарылымына қош келдіңіздер!

Алғы сөз

Massimo Pignatelli

Назарбаев Университетінің Медицина жөніндегі Вице-Президенті және
Медицина мектебінің деканы

Біздің ProInCa жобамызды Қазақстанның медициналық университеттерімен және
үздік еуропалық университеттермен ынтымақтастықты бастаған сәтімізден бері бір
жыл өтті. Бұл шығарылымда соңғы төрт айдағы негізгі сәттер көрсетілген. Жакын
арада Мейірбике ісі бойынша басымдықтар орталығын құру, Қазақстандағы
мейірбике ісі саласындағы зерттеулердің жалпы болашағы, дәлелді медициналық
негізделген мейірбике ісі тәжірибесін қоса алғанда, мейірбике ісі саласындағы
көшбасшыларды дайындау және соңында медбикелік іс бойынша олардың оқу
бағдарламаларында пайдаланылатын оқытушылар үшін оқу материалдарын әзірлеу
бойынша күш-жігерімізді салу жалғасатын болады деп күтілуде.

Мазмұны

- Алғы сөз 1
- Мейірбике ісіндегі көшбасшылық 1
- Мейірбике ісі бойынша басымдықтар орталығы.....2
- Дәлелді мейірбике тәжірибесі2
- Мейірбике ісіндегі зерттеулер
- Жоспарланған конференция..... 3
- Жоспарланған іс-шаралар
- Жоспарланған оқу..... 3

Мейірбике ісіндегі көшбасшылық

Мейірбике ісіндегі менеджментті қоса алғанда, қазіргі менеджменттегі
көшбасшылық кез келген көшбасшының, жетекшінің және аға мейірбикенің
кәсіби қызметі үшін үлкен маңызға ие. 25 ақпан мен 1 наурыз аралығында
Назарбаев Университетінің Медицина мектебінде ProInCa жобасы аясында
"Мейірбике ісіндегі көшбасшылық" атты оқыту семинары мен мастер-
кластар өткізілді. Іс-шараны Лахти қолданбалы ғылымдар университеті
(Финляндия) және Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
медициналық университеті ұйымдастырды.

Семинардың мақсаты мейірбике ісіндегі көшбасшылық бойынша оқу
материалдарын сынақтан өткізу, мейірбике ісіндегі көшбасшылық
ұстанымдарын және денсаулық сақтаудағы жаңа мейірбикелік рөлдерді
ілгерілету үшін мейірбике ісі көшбасшыларының қауымдастығын құру
болып табылады. Семинарға Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау ұйымдарының басшылары және аға медбикелері, мейірбикелік іс
менеджерлері, Қазақстанның медициналық жоғары оқу орындары мен
колледждерінің оқытушылары қатысты.



Мейірбике ісін жетілдіру орталығы (МІЖО)

2.1 Жұмыс пакеті Мейірбике ісін жетілдіру орталығы (МІЖО) үшін электрондық платформаны әзірлеуді және құруды көздейді. Аталған бағыт бойынша іс-шаралар аяқталуға жақын. Озық тәжірибені зерделеу және әдеби шолу нәтижелері талаптар тізіміне алып келді. Бұл тізім екі Delphi зерттеу циклімен расталған. Электрондық платформада медбикелер, мейірбике ісінің студенттері, оқытушылар және зерттеушілер үшін "Дәлелдемелерге негізделген мейірбике ісі; Мейірбике ісіндегі зерттеулер; Мейірбике ісіндегі көшбасшылық" ProInCa жобасы туралы ақпараты бар веб-сайты болады.

Бұдан басқа, болашақта, МІЖО-ның веб-сайтында мейірбике ісі бойынша клиникалық ұсынымдар туралы ақпарат орналастырылатын болады. МІЖО электрондық платформасы сондай-ақ бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді және Moodle-де әзірленген курстармен электронды оқыту ортасын қамтиды. Moodle ортасындағы алғашқы курстарда мейірбике ісі оқытушылары үшін материалдар болады. Мастер-класс кезінде, Астанада (сәуір) қатысушылар МІЖО және электрондық платформаны одан әрі дамыту бойынша жұмыс істейтін болады. МІЖО Астана қаласының Медицина университетінің құрылымдық бөлімшесі болады.



ProInCa командасы Словенияда мейірбике ісі жөніндегі мастер-класста

Дәлелдерге негізделген мейірбике ісі

5 күндік мастер – класс аясында, 2018 жылдың 12 қарашасынан 26 қарашасы аралығында Анжела Бошкин, Денсаулық сақтау факультеті (ABFHC), ProInCa жобасының серіктестерін және басқа қатысушыларды шақырды. Мастер-класс Қазақстанның медицина факультеттерінің жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған. Мастер-класстың мақсаты оқу материалдарының жобасын Қазақстанның қажеттіліктеріне бейімдеу. Бір қызығы, Қазақстандағы мейірбике факультеттері дәлелдемелерге негізделген мейірбикелік істің тұжырымдамасын қолданбайды; оның орнына олар дәлелді медицина тұжырымдамасын біледі және қолданады. ABFHC-тің жұмыс пакетінің көшбасшысы ретіндегі міндеті Қазақстанда қолданылатын оқу материалдарын жасау болып табылады.


Дәлелдемелерге негізделген мейірбике ісін зерттеу үшін негізгі, ілгері және магистрлік оқыту үшін оқу материалдары әзірленген.

Мейірбике ісіндегі зерттеулер

2.3 жұмыс пакеті шеңберінде Delphi зерттеулерінің деректерін талдау басталды, ол Қазақстандағы мейірбике ісі саласындағы зерттеулер жағдайының жалпы көрінісін сипаттауға мүмкіндік береді. 2.3 жұмыс пакетінің жұмыс тобы мейірбике ісі саласындағы ғылыми зерттеулердің жай-күйі мен перспективалары туралы мейірбикелердің сұрауын талдаумен айналысады. Зерттеу-бұл Delphi немесе сарапшымен сұхбат, ол мейірбике ісіндегі зерттеу инфрақұрылымының салыстырмалы талдауына, әкімшілік, қаржылық қолдауға, ақпараттық технологиялар мен осы саладағы университеттердің инновациялық әлеуетін дамытуға бағытталған.

Жалғасы 3 бетте

ProInCa жаналықтары
Назарбаев Университетінің Медицина мектебі
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Paolo.colet@nu.edu.kz
Nancy.stitt@nu.edu.kz
Alma.syzdykova@umc.org.kz



Оқытуға мейірбикелік білім беру мамандары қатысады:

- Жоғары оқу орындарының / колледждердің әкімшілік және басқару персоналы.
- "Мейірбике ісі" бойынша зерттеушілер және / немесе оқытушылар

- Клиникалық базаларда мейірбике ісі бойынша менеджерлер: аға медбике, департаменттің аға медбикесі.

Алдағы уақытта болатын конференция

2019 жылдың 23-24 мамыр аралығында Астана, Назарбаев Университетінде ProInCa халықаралық конференциясы өтеді. Конференцияның негізгі тақырыбы-ынтымақтастықты нығайту арқылы Қазақстандағы мейірбике мамандығын дамыту. ProInCa конференциясы бағдарламасына Назарбаев Университеті, Денсаулық сақтау министрлігі және ProInCa еуропалық серіктестері өкілдерінің сәлемдесу рәсімі, негізгі баяндамалармен пленарлық отырыс және мейірбике ісі және мейірбике ісінің көшбасшылығы мәселелерін талқылаумен қатар екі бөлім кіреді.

Біз Сіздердің

назарларыңыздамыз



ProInCa жобасының аралық нәтижесі конференцияға қатысушылар арасында да таратылатын болады: (университеттер, жоғары медициналық колледждер, орта медициналық колледждер, ауруханалар, медбикелік қауымдастықтар және т.б.).

Финляндиядан, Нидерландыдан және Словениядан келген мейірбике ісі жөніндегі еуропалық сарапшылар озық халықаралық тәжірибе мен мейірбике ісі саласындағы жұмыс үлгілерімен бөліседі.


Конференция мейірбике қоғамдастығы, университеттер мен колледждер, ауруханалар және т.б. арасында дәлелді медицина негізінде мейірбикелік зерттеулерді, мейірбикелік көшбасшылықты және мейірбике ісін дамыту бойынша бірлескен білім алмасуға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде қатысушылар барлық мүдделі тараптардың мейірбике ісіндегі ынтымақтастығын кеңейту арқылы Қазақстандағы мейірбике ісін нығайту бойынша одан әрі қадамдар туралы ұсынымдармен конференция қарарын қабылдайды.

Конференция туралы толық ақпарат алу үшін

Alma.Syzdykova@umc.org.kz
хабарласыңыз

Алдағы уақытта болатын іс-шаралар



Іс-шара атауы: Мейірбикелік зерттеу бойынша мастер-класс
Күндері: 1-5 сәуір 2019 жыл
Өтетін орны: Назарбаев Университетінің Медицина мектебі

Іс-шара атауы: мастер -класс Мейірбике ісі жөніндегі орталық
Күндері: 8-12 сәуір, 2019 жыл
Өтетін орны: Назарбаев Университетінің Медицина мектебі

